



**Қ.С. Ергалиев***Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,**Павлодар, Қазақстан Республикасы* <https://orcid.org/0000-0003-0479-6088>*e-mail: ergaliev1976@mail.ru***Қ.С. Мухитов***Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,**Павлодар, Қазақстан Республикасы* <https://orcid.org/0000-0002-2703-3676>*e-mail: mr.mukhitov@gmail.com***ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНТЕРАКТИВТІЛІК МАҢЫЗЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қашықтан білім берудегі, оның ішінде мектепте қашықтан оқытудағы интерактивтілік маңызы қарастырылған. Сонымен бірге интерактивтіліктің дәстүрлі сынып ішінде көрінісі және қашықтан меңгертудегі ерекшеліктері көрсетіледі. Зерттеу барысында интерактивтілік термині диалогқа негізделетіні расталып, негізгі қағидаттары шығарылды. Авторлар білім беру үрдісіндегі инновациялық технологияларға, интерактивтілікті тудыру қиындықтары мен оқыту әдістерінің жағымды жақтарына, сабақты ұйымдастырудағы педагог әрекеттеріне, оқушы мотивациясы мен бағалау принциптеріне тоқталады. Сондай-ақ қашықтықтан оқу тарихына шолу жасалынды. Интерактивтіліктің тар мағынасы – бұл диалог, ал кең мағынада кез-келген субъектілердің олардың қолы жететін құралдар мен әдістерді қолдануымен жүретін полидиалогы ретінде түсіндіруге болады. Интерактивті оқыту әдістерінің беретін ең тиімді тұстары ретінде оқушылардың креативті ойлау және сыни пікір қалыптастыра білуі, бірін-бірі тыңдап, таңдау еркіне үйренуге, өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру, т.б. көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде интерактивті оқыту технологиялары баланың коммуникативті, тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыратындығы айқындалып, интербелсенділіктің қашықтықтан оқытудың бірінші және ең маңызды факторы екені дәлелденді.

**Түйінді сөздер:** интерактивтілік, қашықтан оқыту, үрдіс, әдіс, актив және пассив оқыту, диалог, бейнебайланыс, кері байланыс.

**Мудделер қақтығысы**

Авторлар мудделер қақтығысы жоғын мәлімдейді

**Мақаланың тарихы:**

Алынған күні: 07.01.2023

Жариялануға қабылданған күні: 30.02.2023

**Кіріспе**

Білім берудің жаңа нысандары мен әдістерін іздестіру – үнемі өзгеріске ұшырап, жаңарып отыратын, жаһандық жан-жақты тұлғаны қалыптастыруға бағытталған заманауи әлемнің ажырамас шарттарының бірі. Жаңа мүмкіншіліктерді бағытқа алған жаңартылған білім беру мазмұны білімді өз бетінше іздестіру пара-

дигмасына құрылып, ал оның нәтижесі әрбір оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған интерактивті оқыту технологиясына негізделеді. Интерактивті әдістерді пайдалана отырып оқыту дегеніміз – оқушының жаңа нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін және болашақта оны тәжірибеде қолдана алуына жол ашатын оқу үрдісі барысындағы әрекеттер.

Білім беру үрдісіндегі дәстүрлі принциптердің инновациялық түріне жол бере бастағанын, ақпараттық технологиялардың жетілуіне байланысты әлемдік білім беру сахнасында қашықтан білім беру үлесінің артатындығына күмән жоқ. Оған 2019–2021 жылдардағы жаһандық пандемия қашықтан білім беру/білім алу психологиясының өзгеруіне, адамзаттың жалпы оқу түрі мен форматына қайта көз жүгіртуіне тура келді. Тарих бетіне шолу жасасақ, қашықтан білім беру концептісінің негізі XVIII ғ. басында қалыптасқандығын, нақтылай келгенде, 1776 жылы «кәрі құрлықта» Краков қаласындағы Ягеллон университетінде сырттай оқу курсының болғандығына (Pregowska, Masztalerz, Garlińska, Osial, 2021, 4 б.), ал 1800 жылдардың басында АҚШ-тағы Чикаго университетінде Америкадағы бірінші ірі сырттай оқу бағдарламасының ашылғандығына көз жеткізуге болады. Бұған дейін индустрияландыруға дейінгі Еуропада білімнің демократиясыздығына байланысты жоғары білімді оқу орнында тұрақты тұруға немесе тікелей ұстаздың алдын көруге мүмкіндігі жоқ элитадан тыс қоғам сырттай оқуға мүдделі болған (Gunawardena, 2004, 3 б.). Осыған қарағанда, XX ғасырға дейін сырттай білім педагогтер тұрғысынан жалпыға жаппай білім беруде тек іскерлік амал-әрекет ретінде қарастырылып, қоғамда «төменгі білім» статусына ие болған. Алайда XX ғ. басындағы радио мен телевизияның пайда болуы қашықтан білім алу көзқарасы пен мүмкіндігін түбегейлі өзгертті.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақалада тілдерді қашықтықтан оқыту мәселелері бойынша ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге сыни шолу әдісі қолданылады. Контент-талдау әдісі арқылы ғалымдардың қашықтықтан оқытуға, онда қолданылатын технологияларға деген әртүрлі көзқарастары талданады. Сондай-ақ, біз "қашықтықтан оқыту" терминінің дефинициялық анықтама және салыстырмалы талдауларды қолдана отырып, оның әртүрлі ғылыми бағыттарда түсіндірудегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтадық. Біз қолданған зерттеу әдістерінің кешені қашықтықтан оқыту теориясының қазіргі жағдайын, ондағы проблемалық салаларын анықтауға мүмкіндік береді.

### **Нәтиже және талқылау**

Зерттеу нәтижесі қашықтан оқытудағы маңызы зор әдістемелік проблемалардың оңтайлы шешімін табуға және сол қағидаттарды іс-тәжірибеде пайдалануға мүмкіндік береді. Тарқата келе, дәстүрлі оқыту түріне (активті форма) қарама-қарсы позиция интерактивті оқыту амалдарында қарастырылады. Дәстүрлі әдістен айырмашылығы – мұнда оқушылардың мұғаліммен де, бір-бірімен де субъективті қарым-қатынасқа түсуіне, оқу үрдісінде балалардың белсенділігінің басым болуына бағытталады (Толстых, 2013). Демек, интерактивті оқыту әдісі адамдар арасындағы – оқушы мен мұғалімнің және оқушы мен оқушының бірлескен іс-әрекет қажеттілігінен туындайтын көп қырлы, күрделі процесі – ашық

диалогтің болуына негізделеді. Оқушылар сабақ үстінде дәріс тыңдап, өздеріне алдын ала дайындалған материалдарды жаттап, конспект негізінде «жаттанды» жауап қайтарса, оқу тиімділігінің, сабақты меңгеру ауқымының төмендігін байқауға болады. Мұндай формада оқушы тәжірибелі білім ала алмайды. Білім алушы не оқып, не жазып жатқаны туралы ойланып, оны саналы түрде баяндап, жаңа білімді меңгеру кезінде бұрынғы тәжірибесіне жүгініп, оны күнделікті өмірде қолдануы шарт. Диалогке түсу үрдісінде оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға, күрделі мәселелерді шешуге, ойластырылған шешімдер қабылдауға, талқылауға қатысуға және басқа адамдармен тілдік қатынас арқылы коммуникация орнатып, вербалды және бейвербалды амалдармен байланысқа түсуге үйренеді. Бұл арада оқушылардың бір-біріне сыни талдауға негізделген жауапты қажет ететін ашық сұрақтар қоюына назар аударылуы керек.

Дәстүрлі оқу үрдісі немесе түрі деп, әдетте, оқытушының тілдік құралдар көмегімен сыныптағы белсенді әрекеттерін қамтитын амалдар жиынтығын айтамыз. Дәстүрлі мектеп мұғалімі өзінің жеке әрекеттеріне, сабақтың баяндалу мазмұнына жіті көңіл бөліп, сынып ішіндегі тыныштықтың сақталуын талап етіп, оқушылардың еркіндігін шектейтін, балалардың үстінен ғана бақылап отыратын «орталық әрекет етуші күш» болып саналады (Цвык, 2010). Осындай тәртіпте оқу материалын ойдағыдай меңгеру оқушының өзінің ақыл-ой әрекетіне байланысты болса да, сынып ішіндегі шәкірт рөлі оқу үрдісінде тек пассивті тыңдаушы ретінде қала береді. Оқушыларды белсенді етудің амалы көбінесе мұғалімнің оқушыларды белгілі бір жағдаятқа жетектеп апаруымен немесе сол көтерген мәселенің шеңберінде ғана шектеледі.

Сыныпта диалогтік үрдістерді ұйымдастыруда жұптық және топтық жұмыс түрлері таңдап алынады: рөлдік ойындар, пікірталас, дөңгелек үстел, зерттеу жобалары, шығармашылық жұмыстар т.б. берілуі мүмкін. Мұғалімге бұл кезде тек бағыттаушы, көмекші қызметі жүктеліп, оқушыларды өз бетінше білім алуға ынталандырады (Лобанова, Тумакова, 2015, 971 б.). Дәл осы үрдістерді қашықтан ұйымдастыруда, педагогтің онлайн сыныппен байланыс орнатуында бірталай кедергілерге ұшырайды. Атап айтқанда, сыныппен контактілі көзқарастың болмауы, сабақ үрдісіне қатысушылардың төмен ынтасы, техникалық кедергілердің болуы, сапасыздық, оқу үрдісінің жалаң формалығы, техникалық құрылғыға тәуелділік т.б. Қатысушылар арасындағы өзара белсенділіктің төмен болған жағдайда оқу сапасының да құлдырайтынын көруге болады. Бұл тенденцияның орын алуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы үлкен арақашықтықтың болуына, білім алушының өзінің сабақ үрдісінен тысқары атмосферада сезінуінде деп білеміз. Оқушыға да, мұғалімге де бейтаныс жаңа форматта жұмыс істеу оларды бұрын кездеспеген ситуацияларға апарды, мұндай жағдайда кері байланыс, жауап қайыру, мінезқұлық моделі де басқаша болары анық. Қашықтан оқу форматын жаңа ситуациялық форма деп бағамдасақ, дәстүрлі мектеп жағдайында қолданылатын амалдардың, түрлі мотивациялық құрылғылардың төмен тиімділігіне көз жеткіздік. Кей орайда бұл проблеманың көзі мұғалімнің де, оқушының да қашықтан оқуға үстірт көзқарастың болуында, интерактивтіліктің төмендігін көрсетеді (Маркеева, 2020). Қашықтықтан оқытуда оқушы мен мұғалімнің арасындағы нақты бір орын мен кейде уақытқа тәуелді қарым-қатынастың болмауы, тақырыптың қызықсыздығы, баяндау формасының жалаңдығы, көрнекілік құралдарының, алдын ала дайындалған

аудио, бейне материалдардың болмауы, оқушылар арасындағы байланыстың орнатылмауы сабақ үрдісінің құрғақ өтуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан интербелсенділік қашықтықтан оқытудың бірінші және ең маңызды факторы болып табылады. Интерактивті амалдар деп өзара әрекеттестікке негізделген әдістерден шығатынын айтсақ (ағылшын тілінен, «interaction» – өзара әрекеттестік), интерактивтілік қашықтан оқыту үрдісінде басты құрылғыға айналары хақ.

Қашықтан оқытуда баланы сөзге тарту, оқушылар арасында тақырыпқа қатысты диалог орнату – қазіргі педагогикадағы ең күрделі үрдістердің бірі. Оқушы тілінің жетілуі мұғалім жүктейтін шығармашылық тапсырмаларға және сол тапсырмалардың қызықтығына, күрделігіне, тартымдылығына байланысты болып отырады. Тапсырманы орындау арқылы оны өз ой елегінен өткізіп, қабылдап, анализ жасап, қорытып, қайта түсінгенін сауатты түрде жеткізуі оқушы деңгейін аңғартып қана қоймайды, өзге оқушылар арасында түйткілді мәселенің шешу жолын іздестіріп, талқыға түсіреді. Өз кезегінде мұғалім бір оқушының қызығушылығын ояту арқылы бірнеше қатысушыларды сабаққа тартып әкетуі мүмкін.

Интерактивті оқыту әдісінің негізгі мақсаты баланы толық үйлесімді тұлға ретінде дамыту болып табылады. Оқу барысында мұғалім де, оқушы да интеллектуалды қабілетіне қанағаттанып, сабақ үрдісінде жетістікке жетуі маңызды. Өнегелі ұстаз өзінің шәкірттерін жетелей отыра, жаңа ақпаратты қабылдауына, оны талдап, игеруіне, өздігінен ой қорытуына, дара қабілетін шындауға, өзара қарым-қатынас, әрекеттестік нәтижесінде пайда болған ішкі толғанысының пісіп-жетіліп, белсенді позицияға айналуына жол ашуы керек. Бұл ретте сынып ішіндегі көзқарастардың әртүрлігіне мән беру, диалогке қатысушылардың жеке тәжірибесіне сүйену, практиканы теориямен ұштастыруға, шығармашылығын дамытуға, оқушылардың белсенділігін қолдаған жөн.

Р.М. Дүзбаева интерактивті оқытудың мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- қолайлы жерде, қолайлы қарқынмен оқу;
- модульдік принцип бойынша оқу;
- жаңа ақпараттық технологиялардың барлық мүмкіндіктері пайдаланылады

(Дүзбаева, 2002).

Десек те, интерактивті оқыту қатысушылардың қандай да базалық білімін болуын қажет етеді. Базалық білімсіз оқушының өздігінен әрекет етуі, техникалық құралдарды, компьютерді пайдалануында қиындықтар туғызады. Интерактивті оқыту әдістерінің жағымды жақтары басқарушылық және оқу-тәрбиелік сипаттағы ақпарат алмасуда оқушылардың алған білімдерін практикада пайдалана алуы, өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру, психикалық дамуына ықпал ету және өзіне деген сенімділігін арттыру болып табылады.

Сайып келгенде, «интерактивті оқыту деп оқытуға қатысушылардың бір-бірімен өзара әрекет етуін, оқытушы мен білім алушылардың арасында интерактивті оқыту құралдары арқылы электрондық және мультимедиалық оқулықтар, тізбекті ақпараттық жүйелер арқылы кері байланыстың болуын (электрондық пошта, әртүрлі режимдегі байланыс жүйесінде телеконференциялар) айтады» (Әбілқасымова, 2009). Демек, білім беру үрдісінің сапасы мен біртұтастығы үнемі оның қатысушыларының екі жақты қарым-қатынасына тікелей байланысты бо-

лып отырады да, байланыссыз қашықтықтан оқыту ескі үлгідегі сырттай оқу бағдарламасына жуықтайды.

Топтық бейнебайланыс арқылы қашықтан білім алуда (Zoom конференциясы, WhatsApp, Skype, Viber, LinkedIn т.б.) әрбір қатысушының көзбе-көз бір-бірімен тілдесуі, түсіністігі, байланыстың таза әрі сапалы болуы, топ модераторының (сынып ішінде мұғалім) болуы, әрекетке жауапты реакцияның қайтарылуы, топ ішіндегі талқы, сұрақ-жауап, сөз байланыс интербелсенділік шарттарын құрайды. Интерактивті оқыту кезінде оқушылар топта жұмыс істейтіндігін, қойылған мәселелерді бірлесе, бір-бірімен әрекеттесе, ұйымдаса шешетіндігін жоғарыда айттып кеттік. Оқушылар қарым-қатынасқа түсу арқылы өздерінің жеке тәжірибесімен, өмірлік жағдаяттарымен бөліседі. Ал адамның жеке тәжірибесіне жүгінуі оқуға тұлғалық-бағдарлы сипат үстемелейді. Осы үрдіс барысында оқушы әрдайым сабақтың маңыздылығын, пәнді меңгеру қажеттілігін, іске жауапкершілікпен қарауды түсінгені абзал. Оқушы сабақ үрдісінің ұйымдастырылған, белгілі тәртіпте өткізілетінін түсінген жағдайда сабаққа қатысу ынтасы жоғары болады. Сондай-ақ оқушы мотивациясына мұғалімнің бағалау принципі, академиялық әділдігі де әсер етеді. Қашықтан оқу үрдісінде оқушылардың білімін, әдетте, дәстүрлі сыныптағыдай бір-бірімен емес, оқушының бастапқы білім нәтижесімен салыстырған ұтымды болады. Оқушыға да оқшау білім алуда өзінің күнделікті нәтижелерін бақылауға және бекітуге мүмкіндігі жоғары.

Әдетте, мұғалім дәстүрлі оқыту форматының мотивациялық әдісі ретінде жақсы бағаны, мақұлдауды, мадақтауды, сондай-ақ қорқыныш сезімін де тиімді өз орайымен қолданып отырады. Қанша алсақ та, мұғалім – сыныптағы ең басты генератор, қозғаушы күш. Сыныптың сөйлеу мәнерін, деңгейін айқындап, әр оқушыдан белгілі талап етеді. «Мектеп мұғалімдері премьер-министрлер армандайтын билікке ие», – деген Уинстон Черчилльдің сөзі де бұл орайда қалыс қалмайды. Бала ұстаздан қаймығады, оның ырқына жығылады, осы есептен оның жеке позициясы көрінбейді. Сондықтан да педагог доминациясынан тартынған оқушы өзін жайсыз сезінуі мүмкін (мысалға интроверт балалар). Кей орайда сыныпта өзін жайсыз ұстанатын оқушылар қашықтан көсіле сөйлеп, жаңаша қырынан байқалуы мүмкін.

Интерактивті оқыту шарты бойынша педагог сабақта келесі қағидаттардың орындалуын қамтамасыз ету керек:

- диалогқа тартатын сабақ технологиясын таңдау;
- оқушының ойлауына, өзін көрсетуіне мүмкіндік беру;
- оқушылардың таңдау еркі;
- қатысушылардың оптималді саны (20–24 адам);
- қатысушылардың өзара диалог құруы;
- оқушылардың бір-бірінің сөзін бөлмей тыңдауы;
- пікірталасқа түскізу;
- демократиялық стильдің сақталуы;
- оқушылардың креативті ойлау, сыни пікір қалыптастыра білуі;
- рефлексияны ұйымдастыру;
- оқушыларды қолдау.

Интербелсенділіктің тағы бір қызметі ретінде, қашықтан білім беру үрдісіндегі физикалық бөлектенуге қарсы психологиялық қарымта факторы ретінде маңыздылығы жоғары (Назаренко, 2013, 162 б.). Конференцияның әрбір



қатысушысы сол ортаның белсенді мүшесі ретінде өзін көрсетуге, топ «конструкторына» айналуына шарт. Сонда виртуалды сыныптағы барлық қатысушылардың екіжақты байланысы топ мүшелерінің өзін сенімді, әрі жайлы ұстануына және коммуникация орнатуда туындайтын қиындықтарды: қорғаншақтық, оқшаулану, сенімсіздік сезімдерін жеңуге мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту кезінде интерактивті оқыту әдістері: кейс, генерация, жоба әзірлеу, курстық жұмыстар, презентация дайындау т.б. және сол жұмыстарды бірлесе отырып талдау, қорғау оң нәтижесін береді. Америкалық зерттеушілердің көрсетуінше, қашықтан оқуда курстық жұмыс жазған жоғары сынып оқушылары тақырып мазмұнын жазбаған оқушыларға қарағанда анағұрлым жақсы меңгерген. Экспериментке сүйене отырып, қашықтан оқу технологиясы өздік жұмысты ба-рынша қажет ететінін дәлелдейді.

### Қорытынды

Білім берудің инновациялық түрі оқушыларға барынша қолайлы жағдай жасауға арналған. Мектептегі немесе қашықтан интерактивті оқыту технологиялары әртүрлі өмірлік жағдаяттарды имитациялау және рөлдік ойындарды пайдалануды көздейді. Оқушыдан бұл ретте бар білімін шоғырландырып, оны көрсетіп, өзін белсенді ұстауын талап етіледі. Сонымен қатар мұндай оқыту жүйесінде мұғалімнің де шеберлігіне жоғары талап қойылады.

Бүгінгі таңда интерактивті оқыту технологиясы білім берудің озық үлгілерінің қатарында қолданылады. Оның шарты ақпаратты бұрынғыша пассивті түрде емес, проблемалық жағдаят туғызу арқылы активті формада ұсыну болып табылады. Сабақтың мақсаты мұндай формада мұғалімнің дайын білімді айтып бермей, оқушының өз талабымен түсініп, зерттеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сабақ талқысында оқушылар өзара субъектілік қарым-қатынасқа түседі, диалог құрады, топ ішінде бірлесе жұмыс істейді. Интерактивті оқыту технологиясы басқа қолданыстағы әдістерден баланың өзіндік бастамасы мен сабақты педагогикалық басқарудың орынды үйлесімімен ерекшеленеді. Бұл технология білім алушының коммуникативтік процестерге белсене қатысуына, қоғамның белсенді мүшесі болуға, инновациялық мәдениетке тартылуына, тұлғалық қасиеттерін шыңдайды. Осының барлығы оқытудың басты мақсаты – жан-жақты интеллектуалды дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Әбілқасымова Г. Интерактивтік оқыту – қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі. Қарағанды, 2009. URL: <https://articlekz.com/kk/article/16064> (қолдану күні: 7.01.2023)

Дузбаева Р.М. Дидактические основы формирования готовности студентов к интерактивному обучению. Автореф. канд. пед. наук. Алматы: АГУ им. Абая, 2002. 30 с.

Лобанова Е.Ю., Тумакова Н.А. Эффективность использования интерактивных методов обучения в техническом вузе // «Молодой учёный». № 8 (88). 2015. С.971–973.

Маркеева А.А. Проблема мотивации школьников в дистанционном обучении // Школьная педагогика. 2020. № 2(18). С.1–4. URL: <https://moluch.ru/th/2/archive/164/5177/> (қолдану күні: 7.01.2023)

Назаренко А.Л. Информационно-коммуникационные технологии в лингводидактике: дистанционное обучение. Москва: МГУ имени М.В. Ломоносова, 2013. 271 с.

Толстых Н.Х. Интерактивные приемы школьного обучения. Москва: Просвещение, 2013. 45 с.

Цвык А.З. Использование интерактивных форм и методов обучения как приоритетное направление технологизации образования. Москва: Велби, 2010. 22 с.

Gunawardena C.N., McIsaac M.S. Distance education. 2004. 42 p.

Pregowska A., Masztalerz K., Garlińska M., Osial M. A Worldwide Journey through Distance Education – From the Post Office to Virtual, Augmented and Mixed Realities, and Education during the COVID-19 Pandemic // Education Sciences. 2021. Vol.11. No.3 (118). <https://doi.org/10.3390/educsci11030118>

### References

Abilkasymova, G. (2009). *Interaktivtik okytu – kashykyktan okytu zhuyesinin negizgi* [Interactive learning is the main part of the distance learning system]. Retrieved 13 February 2023 from <https://articlekz.com/kk/article/16064> (in Kaz.)

Duzbaeva, R.M. (2002). *Didakticheskie osnovy formirovaniya gotovnosti studentov k interaktivnomu obucheniyu* [Didactic basis of formation of readiness of students for interactive training]. Avtoreferat. kand. ped. nauk. Almaty: AGU im. Abaya. (in Russ.)

Gunawardena, C.N. & M.S. McIsaac (2004). *Distance education*.

Lobanova, E.I. & N.A. Tumakova (2015.) *Effektivnost' ispol'zovaniya interaktivnykh metodov obucheniya v tekhnicheskoy vuzey* [The effectiveness of using interactive teaching methods in a technical university]. *Molodoy uchenyy* 8 (88), 971–973. (in Russ.)

Markeeva, A.A. (2020). *Problema motivatsii shkol'nikov v distantsionnom obuchenii* [The problem of motivation of schoolchildren in distance learning]. *Shkol'naya pedagogika* 2(18), 1–4. Retrieved 2 February 2023 from <https://moluch.ru/th/2/archive/164/5177/> (in Russ.)

Nazarenko, A.L. (2013). *Informacionno-kommunikatsionnye tekhnologii v lingvodidaktike: distantsionnoe obuchenie* [Information and communication technologies in linguodidactics: distance learning.]. Moskva: MGU imeni M.V. Lomonosova. (in Russ.)

Pregowska, A., Masztalerz, K., Garlińska, M. & M.A. Osial (2021). *Worldwide Journey through Distance Education – From the Post Office to Virtual, Augmented and Mixed Realities, and Education during the COVID-19 Pandemic*. *Education Sciences* 11, 3 (118). Retrieved 12 February 2023 from <https://doi.org/10.3390/educsci11030118>

Svyk, A.Z. (2010). *Ispol'zovanie interaktivnykh form i metodov obucheniya kak prioritetnoye napravleniye tekhnologizatsii obrazovaniya* [The use of interactive forms and teaching methods as a priority direction of technologization of education]. Moskva: Velbi. (in Russ.)

Tolstykh, N.H. (2010). *Interaktivnyye priemy shkol'nogo obucheniya* [Interactive School Learning Techniques]. Moskva: Prosveshcheniye. (in Russ.)

### К.С. Ергалиев

Павлодарский педагогический университет имени Ә. Марғұлана,  
Павлодар, Республика Казахстан

### К.С. Мухитов

Павлодарский педагогический университет имени Ә. Марғұлана,  
Павлодар, Республика Казахстан

## ЗНАЧЕНИЕ ИНТЕРАКТИВНОСТИ В ДИСТАНЦИОННОМ ОБРАЗОВАНИИ

**Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы значимости интерактивности в системе дистанционного образования, в том числе дистанционного обучения в школе. Также описываются особенности интерактивности в традиционном классе и в процессе дистанцион-

ного обучения. В ходе исследования были выявлены основные принципы интерактивности и доказано, что данный термин основан на диалоге. Авторами рассмотрены вопросы, связанные с инновационными технологиями, сложностями создания интерактивности и плюсами преподавания интерактивности, действиями педагога в процессе организации учебного процесса, мотивацией учащихся и принципами оценивания. К тому же был сделан обзор истории возникновения и развития дистанционного обучения. Интерактивность в узком смысле можно назвать диалогом, в более широком смысле она является полидиалогом, образованным субъектом с помощью использования доступных для него средств и методов. В качестве наиболее эффективных аспектов интерактивного метода обучения следует выделить способность учащихся творчески мыслить и формировать критическое мнение, учиться слушать друг друга, делать выбор, осуществлять самоуправление и т.д. В результате исследования было выявлено, что интерактивные методы обучения способствуют формированию коммуникативной и личностной компетенции у учащихся. Интерактивность является главным фактором дистанционного обучения.

**Ключевые слова:** интерактивность, дистанционное обучение, процесс, метод, активное и пассивное обучение, диалог, обратная связь.

**K.S. Yergaliev**

*A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan*

**K.S. Mukhitov**

*A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan*

#### THE SIGNIFICANCE OF INTERACTIVITY IN DISTANCE EDUCATION

**Abstract.** The issues of interactivity importance in distance learning system including distance learning in schools are considered in the given paper. In addition, the features of interactivity applying in traditional classes and in distance learning process are described. The authors study the problems related to innovative technologies, interactivity making complexities, interactive teaching advantages, teacher actions in the management of learning process, learners motivation and assessment principles. Besides, the review of distance learning history and development is conducted. The interactivity in a narrow sense can be called as a dialogue, although in a broad sense it is a multi dialogue made by a subject using accessible means and methods. As the most effective sides of interactive learning, learners ability of creative thinking, critical judgement, listening to each other, choice making and self management should be highlighted. As a result of the research, we have revealed that the interactive learning methods contributes to the formation of learners' communicative and personal competences. In addition, the fact that the interactivity is the foremost factor of distance learning has been proven.

**Keywords:** interactivity, distance learning, process, method, active and passive learning, dialogue, communication, feedback.

#### Авторлық үлестер

**Ергалиев Қ.С.** – концептуалдау, формалды талдау, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау.

**Мухитов Қ.С.** – қаржыландыруды алу, формалды талдау, хат жазу – бастапқы жоба, визуалдау.